

Қарғалы ауданының кейбір әлеуметтік жағынан мұқтаж санаттағы азаматтарына Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюдың 40-жылдығына байланысты қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2026 жылғы 21 сәуірдегі № 448 шешімі

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 33-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабына, "Ардагерлер туралы" Заңының 6, 8 баптарына сәйкес, Қарғалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюдың 40-жылдығына байланысты (2026 жылғы 26 сәуір) келесі санаттағы азаматтарға 100 000 (жүз мың) теңге көлемінде қосымша әлеуметтік көмек көрсету:

1) 1986–1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға, басқа радиациялық апаттар мен азаматтық немесе әскери объектілердегі апаттарға қатысқан, сондай-ақ тікелей ядролық сынақтарға қатысқан тұлғалар;

2) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, басқа радиациялық апаттар мен азаматтық немесе әскери объектілердегі апаттар, ядролық сынақтар салдарынан мүгедектігі анықталған тұлғалар және олардың мүгедектігі ата-анасының радиациялық сәулеленуіне байланысты генетикалық түрде туындаған балалар;

3) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жою кезінде қаза тапқан тұлғалардың отбасылары және басқа радиациялық апаттар мен азаматтық немесе әскери объектілердегі апаттар салдарынан қаза тапқан тұлғалардың отбасылары ;

4) сәулелік аурудан қаза болған немесе мүгедектігі бар тұлғалардың отбасылары, сондай-ақ олардың өлімі ресми түрде Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, басқа радиациялық апаттар мен азаматтық немесе әскери объектілердегі апаттар және ядролық сынақтардың әсерімен байланысты деп танылған азаматтар;

5) 1988–1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысқан, Қазақстан Республикасына эвакуацияланған (өздігінен көшіп барған) тұлғалар, соның ішінде эвакуация кезінде аналық құрсақта болған балалар.

2. Қосымша әлеуметтік көмек мемлекеттік "Қарғалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мекемесі арқылы алушылардан өтініштер талап етпей, Қарғалы ауданы бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" АҚ филиалының тізімдері негізінде көрсетіледі.

3. Қарғалы ауданының жергілікті бюджеті қаржыландыру көзі болып анықталсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарғалы аудандық
мәслихатының төрағасы*

С. Аманжолов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК